



Рухани жаңғыру – ұлттық сананың жаңғыруы. Ол – ортақ ұстанымнан, тарихи қажеттіліктен туындап отырған бағдарлама. Бағдарлама аясында өзіміздің Шымкент қаласында да орындалған жұмыс аз емес.

Қаладағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтауға барынша ықпал ететін мемлекеттік маңызға ие мұндай бастамалар үшінші мегаполистеі жоғары оқу орындарында да ұдайы насихатталып келеді. М.Әуезов атындағы ОҚМУ да солардың қатарында. Осы білім ордасындағы біздің ОҚМУ колледжі мен Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығында да «Жастар жылы»

Кеште дәстүрлі әндер әуелете шырқалып, Б.Қафаловтың орындауындағы «Қазақ жастары» атты эстрадалық ән тыңдаушылардың отансүйгіштік қасиетін арттыра түсті. Кеш соңында қонақтар «Жастар жылына» орай тыңдаушылар мен студент жастарға жүйелі білім алып, еліміздің даңқын биік ететін тау тұлғалардың қатарында болуына тілектестігін білдірді.

даланың жеті қыры» мақаласына өз көзқарасын білдіріп, жастарды отансүйгіштікке баулып, ұлттық рухты көтеруге үндеді. Іс-шараға қатысқан орталығымыздың белсенді жастары тарихи мұраларды кейінгі ұрпаққа насихаттап, оны көзіміздің қарашығындай сақтап қалдыруға әрбір адам борышты екенін және мақаланың маңыздылығы туралы ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Бұл дөңгелек үстелде айтылған мәселелер арқылы мемлекетіміздің құндылықтарын жастар тағы да бір мәрте тереңінен түсінгендей болды. Кеш соңы орталық тыңдаушысы И.Мұхамедханның «Қазақстаным» атты әсем әнімен қорытындыланды.

Колледж оқытушылары М.Мыңбаева мен Н.Досанбай өз баяндамаларында мақаланың Тарихи сананы жаңғырту бөлімін әгжей-тегжейлі түсіндірді. Университет аға тәлімгері С.Бейсенов ғаламдық жаһандану кезінде ұлт болып қалыптасу үшін басты негіз болып табылатын мақалаға өз пікірлерін білдірді.

Жиын соңында колледж директоры С. Әлібек, Мәңгілік Елдің, Ұлы даланың тарихын жас ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында ұстаздар қауымына артылатын жүктің жеңіл еместігін және мақалада қамтылған дүниелерді жүзеге асыру үшін ел болып, ұжым болып атсалысу қажеттігін айтып, өз сөзін сонда ғана төл тарихымызды жаңғырта аламыз деп түйіндеді.

Одан бөлек М.Әуезов атындағы ОҚМУ коллежінде «АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» өтіп, 9,11- сынып түлектеріне колледждің оқу бағдарламалары, оқу-материалдық базасы мен оқу ғимараттары таныстырылды. Қонақтар колледж оқытушылары ұйымдастырған көрмеге, жаңа технологиялық құралдардың презентациясына, студенттердің жаңа жобалары мен концерттік бағдарламасына куәгер болды. Сонымен қатар мектеп түлектеріне викториналық сұрақтар қойылып, сыйлықтар табысталды. Іс-шара соңында мектеп оқушылары М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың оқу ғимаратымен, арнайы зертханалармен және оқу-өндірістік шеберханалармен таныстырылды.

Сондай-ақ М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжінде «Сапалы кәсіп-

әлемнің озық тәжірбиесін меңгеруі керек екендігін айтқан болатын.

Осы игі бастаманы қолдап одан әрі жалғастыру мақсатында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің колледжі және Жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық орталығында «Жастар жылы» аясында «Кемел білімінің көкжиегін ашқан кітаптар» атты іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараға М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжі және Жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық орталығының оқытушылары мен тәлімгерлері, тыңдаушылары қатысты.

Білім орданың басшысы С.Нұрмаханұлы «Білімнің атасы – кітап» деген нақыл сөздің тегін еместігін айтып, барша білім жолында бет бұрған жастарға жүйелі білім алып, тынбай ізденіп, кітап оқуға көп уақыт бөліп, оқуда озат болуға талпыныс жасауларын айрықша ескертті.

Сонымен қатар ол білім алушыларға аударылған алғашқы 19 оқулықты таныстырып, алдағы бірнеше жылда гуманитарлық бағыттар бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік бар екенін және де бұл оқулықтың өз салалары бойынша зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген мамандармен оқытушыларға, жоғары оқу орнының студенттері мен ғылымға қызығушылық танытатын оқырмандарға арналғанын атап айтты.

Колледж студенттері Тәжібай Мира, Лесбай Айдана, Алтынбек Назгүл және дайындық орталығының

Шымкентте қоғамдық-саяси тұрақтылықты дамытудағы жетістіктер

аясында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бұл игі бастамалар мемлекетіміздің өркендеуіне ерекше ықпалын тигізіп отыр.

Жастар – мемлекеттің арқа сүйер тірегі. Елдің жүгін көтеретін жастар білікті, ойы ұшқыр, ғылым-техникамен жабдықталған болуы керек. Осындай дарынды жастарды тәрбиелуші, ол – ата-аналар. Жастық дәуіріндегі бар күш-қайратын ұрпағына жұмсаған ата-аналарымыздың қартайған шағында оларға зейнет көрсетіп, қамқорлық жасау – жастардың борышы. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген аталы тәртіппен ержеткен жастарымыздың қазыналы қарияларымызды қадірлеуі, құрметтеуі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан әдеп-ибамыз.

Осы мақсатта М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығының оқытушылары мен студенттері және колледж жастары Шымкент қалалық «Қарттар үйіне» барып, «Қарттарымызды қадірлейік, жас буын!» атты қайырымдылық концертін өткізді.

Өнерлі студенттердің қазақтың қара домбырасымен әуелетіп салған әндері қарттарымыздың жүректеріне жылу беріп, көңіл-күйлерін көтеріп, бір серпілтіп тастады. Әсіресе, дайындық орталығының тыңдаушылары Д.Камалбекұлы мен И.Мұхамедханұлының қызықты айтысы қарттарымызды жадыратып, жүздеріне күлкі үйірді.

Ақылы асқар таудай аталарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз концерт соңында жастарға бата беріп, еліміздің аман-есен өсіп-өркендеуін, жастарымыздың болашағының бақытты, білім өресінің биік болып, зор денсаулықпен алға қадам басуын тілек етті.

Ал ЖОО-ға дейінгі дайындық орталығы №6 жатақханада тыңдаушылар мен студенттер арасында кеш ұйымдастырды. Кеш қонақтары болып тәрбие ісі және жастар саясаты департаменті директоры С.Мәжінбеков, университет аға тәлімгері С.Бейсенов және колледж директоры, т.ғ.д. С.Әлібек қатысты.



Сондай-ақ орталықта «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары аясында шетелдегі қазақ диаспорасынан келген орталық тыңдаушыларын тарихи отанының тарихымен тереңірек таныстыру мақсатында университет музейі, Түркістан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі және облыстық тарихи-өлкетану музейлеріне саяхат ұйымдастырды. Тыңдаушылар саяси қуғын-сүргін және ашаршылық жайлы фильмдерді көріп, жақсы әсер алды.

Ал «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласын жастар арасында насихаттауға арналған дөңгелек үстелде ЖОО-ға дейінгі дайындық орталығының аға оқытушысы А.Жанбай Елбасы мақаласының маңыздылығын талқылап, бұл мақаланың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жүйелі жалғасы саналатынын айтып өтті. Тарихшы оқытушы Ж.Байназарова «Ұлы

Ал ОҚМУ колледжінде өткен талқылауда алғашқы сөзді колледж директоры, т.ғ.д., профессор С.Әлібек алып, мақаланың өзектілігіне кеңінен тоқталып өтті. Сондай-ақ ол Елбасымыздың бұл мақаласын білім ізденген жас буынға жете ұғындыру, Еуразия даласындағы ата-бабаларымыздың жаһандық тарихтағы рөлін жас ұрпаққа байыппен жеткізуіміз заман талабы екендігін жеткізді.

Дайындық орталығының аға оқытушысы, философия ғылымдарының PhD докторы Б.Изенбаев, мақаланың 7 қырына жеке-жеке тоқталып өтсе, тарихшы Қ.Мырзабеков, көшпенділердің әлемдік революция жасағандығын, атап айтқанда, сонау сақ дәуірінде жылқы малын алғаш болып қолға үйреткендігін, жаугершілік заманда ең жылдам мініс көлігі ретінде пайдаланғандығын, сонымен қатар сақ қоғамының Алтын адам туындысының да ғаламдық сенсация тудырғанын тілге тиек етті.

тік-техникалық білім – жастар жаңғыруының негізі» атты ғылыми-тәжірбиелік конференциясы 4 секция бойынша ұйымдастырылды. «Қазіргі тіл білімі мен әдебиеттану» бағыты бойынша «Шымкент қаласында туылған саяси қуғын-сүргін құрбандарының еңбектері» тақырыбында ЕТ-18-13к тобының білімгері А.Абдукадиров баяндамасын қорғап, 1 орын иеленді. «Бәсекеге қабілеті жастарды тәрбиелеу және дамыту» бағыты бойынша ЕТ-18-13к тобының білімгері Тоқан Әлфия баяндама жасады.

Конференция қорытындысы бойынша М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледж директоры С.Әлібек ғылыми-тәжірбиелік конференцияға қатысқан барлық білімгерлерді құттықтап, дипломдар және сертификаттармен марапаттады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеп, еліміздің өркендеп алға басу үшін

тыңдаушылары өз өнерлерімен көрермендерді қуантса, арнау өлеңдері ұстаздар мен студенттерді шаттыққа бөледі.

Іс-шараның соңында колледждің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Оңғарбайұлы және Р.Кенжеханқызы сөз алып, студенттердің жақсы білім алып, болашақ білікті маман болып, халық үшін қызмет ететін биік тұлғаға айналатынына сенім артты.

Ал колледжде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында өткен «Ұлы даланың жігіттері» тақырыбындағы іс-шараны қоғамдық пәндер оқытушысы Н.Досыбай ДТн-18-1к тобының білімгерлерімен өткізді. Ол Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының маңыздылығына тоқталса, «Жалындаған жастар – ел болашағы» тақырыбында колледж оқытушылары А.Әділ және М.Пиртаеваның ұйымдастыруымен өткен кездесуге «Жастар ресурстық орталығының» психологы Жани Қамбар, әлеуметтік педагог Е.Дүненбаев және колледж жастары қатысты. Орталық мамандары кездесу барысында тәуелсіз елдің жасампаз жастарын жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға, патриотизмді, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға шақырды. «Жастар жылында» жетістіктерге жетелейтін «Start Up», «Бизнестің жол картасы» және т.б бағдарламалар арқылы жаңа мүмкіндіктерді пайдалану туралы өз ойларымен бөлісіп, аға буын ретінде ақыл-кеңестерін берді.

Қорыта айтқанда, «Жастар жылы» аясында колледж ұжымы мен дайындық орталығының оқытушылары алдағы уақытта да бірлесе жұмыс жүргізіп, мемлекет саясатын өскелең ұрпаққа насихаттай беретін болады.

М.ИСМАЙЛОВА,

М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжінің педагог-психологы,

А.ЖАНБАЙ,

ЖОО-ға дейінгі дайындық орталығының аға тәлімгері.

БҰЛЖЫМАС ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БІРІ – БІЛІМГЕ ҰМТЫЛУ. Н.НАЗАРБАЕВ.